# Билер 1



Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2021

Kingstone Comics maintains copyright to this comic book as provided by United States copyright law.

Print and digital copies of this version may be freely distributed without penalty under a Creative Commons license.


ЕШУА НҰН ҰЛЫ УАҚЫТЫНДА ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҚҰДАЙҒА ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРДІ.
ЕШУА ҚАЙТЫС БОЛҒАННАН КЕЙІН ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ИСРАИЛ РУБАСЫЛАРЫНЫҢ СОҢЫНАН ЕРДІ. МЫСЫРДА ҚҰДАЙ ЖАСАҒАН КЕРЕМЕТТЕРДІ КӨРГЕН РУБАСЫЛАР ИСРАИЛГЕ БИЛІК ЕТЕ БАСТАДЫ.
БИЛЕР 2:7-10
БІРАҚ КЕЙІН ҚҰДАЙДЫ ТАНЫМАЙТЫН КЕЛЕСІ ҰРПАҚ ӨСТІ. ОЛАР НЕ ҚҰДАЙДЫ, НЕ ОНЫҢ МЫСЫРДА ЖАСАҒАН КЕРЕМЕТТЕРІН БІЛМЕЙТІН.


ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҚҰДАЙДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН, ҚҰДАЙ ӨЗ ХАЛҚЫН ЖАУЛАРДАН ҚОРҒАМАДЫ.
ҚҰДАЙ ИСРАИЛ ХАЛҚЫН СЫНАУ ҮШІН ЖАУЛАРМЕН ҚОРШАП ТАСТАДЫ. ОЛАР ШЫН ЖҮРЕКПЕН ҚҰДАЙДЫҢ СОҢЫНАН ЕРЕТІНІҢ КҮТТІ.
ЖАҢА ҰРПАҚ УӘДЕ ЕТІЛГЕН ЖЕРГЕ КІРУ ҮШІН ЕШ БІР ШАЙҚАСҚА ҚАТЫСЫП КӨРМЕГЕН, ҚИЫНДЫҚ ПЕН СЕНІМНІҢ СЫНАЛУЫН БІЛМЕГЕН. ОСЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН ОЛАРДЫҢ АТА-БАБАЛАРЫНЫҢ БАСЫНАН ӨТТІ.
ЕШУА КІТАБЫНДА ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ТОЛЫҒЫНАН ҚҰДАЙДЫҢ СОҢЫНАН ЕРДІ...СОЛ ҮШІН ОЛАР ҚҰДАЙ АРҚЫЛЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕТІН.
АЛ БИЛЕР КІТАБЫ-ОНЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАЛҒАСЫ, ҚҰДАЙҒА МОЙЫНСҰНБАУШЫЛЫҚ ПЕН ЖЕҢІЛІСТЕР ЖАЙЫНДАҒЫ КІТАП.
ҚҰДАЙДЫҢ БҰЙРЫҒЫНА ҚҰЛАҚ АСПАЙ, ИСРАИЛДІКТЕР ҚАНАХАНДЫҚТАРМЕН ТҰРМЫС ҚҰРЫП, ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРДІҢ СОҢЫНАН ЕРДІ. ОЛ ЖЕРДЕ КӨПТЕГЕН ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНДЫ.


ОЛАР ТІРІ ҚҰДАЙДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН ҮЛКЕН ҚАТЕЛІК ЖАСАПТЫ.
БАЛАҒАМ, СИДОН ҚҰДАЙЫ,ҚАНАХАНДЫҚТАРДЫ ЖАРЫЛҚАҒАН СИЯҚТЫ, БІЗДІ ДЕ МЫҚТЫ ӘРІ ЖЕМІСТІ ҚЫЛ.
АШТОРЕТ- МАҒАН ҰЛ БАЛАНЫ СЫЙЛАЙ ГӨР ЖӘНЕ ЖАТЫРЫМДАҒЫ БАЛАМДЫ ЖАРЫЛҚАЙ ГӨР!
БАҒАЛ, МЕНІҢ ҮЙІМНІҢ ҚОЖАЙЫНЫ БОЛАДЫ. ОЛ ТАБИҒАТТЫҢ КҮШІМЕНЕН БИЛІК ЕТЕДІ, МҮМКІН МЕНІҢ ЕГІНДІГІМДІ ЖАРЫЛҚАЙТЫН БОЛАДЫ.
ИӘ,КӨЗБЕН КӨРМЕЙТІН ҚҰДАЙҒА КІМ ТАБЫНАДЫ?
БІЗ АШТОРЕТ ҚҰДАЙҒА ҚАРЫЗЫМЫЗДЫ ӨТЕУІМІЗ КЕРЕК.
БҰЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫ ҚҰДІРЕТТІ ӘРІ МЫҚТЫ БОЛАДЫ.
МЕН СЕНДЕРГЕ АЙТҚАН ЕДІМ ҒОЙ, ҚАНАХАНДЫҚТАР НЕ ІСТЕП ЖАТҚАНЫҢ БІЛЕДІ ДЕП?
СЕН ДҰРЫС АЙТАСЫН! БІЗДІҢ АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ИЕҺОВАҒА ДЕГЕН СЕНІМІ ЕСКЕРІП КЕТТІ.
БҰЛ ТАБЫНУДЫҢ ТҮРІНЕН ШЫНЫМЕН ДЕ ЛӘЗЗАТ АЛЫП ОТЫРМЫН.
БИЛЕР 2:10-12


ЭЛ ҚАНАХАНДЫҚТАРДЫҢ ЖОҒАРҒЫ ҚҰДАЙЫ ЕДІ.ОЛ ҚАНЫШЕР ЖӘНЕ ШЕКСІЗ АЗҒЫНДЫҚТЫҢ ҚҰДАЙЫ ЕДІ.
ОНЫҢ ҰЛЫ БАҒАЛ "АСПАН ӘМІРШІСІ" ЕДІ ЖӘНЕ ДЕ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫН БАҚЫЛАЙТЫН.
АДАМДАР СОЛ ҚҰДАЙЛАР ОЛАРДЫҢ ЕГІНДЕРІН САҚТАП, ОЛАРДЫ ЖАРЫЛҚАЙТЫНЫНА ҮМІТТЕНЕТІН.
АДАМДАР ОЛАРҒА ҚҰРБАНДЫҚТАР ШАЛЫП, ОЛАРҒА АРНАП АЗҒЫНДЫҚ РӘСІМДЕРДІ ЖАСАДЫ.
ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛДЕР ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРДІҢ ҒИБАДАТХАНАЛАРЫНДА АЗҒЫНДЫҚ ЖАСАДЫ.
ОНЫҢ БАУЫРЫ ӘРІ ӘЙЕЛІНІҢ АТЫ АШТОРЕТ, ОЛ ЖЕМІСТІЛІК ПЕН СОҒЫСТЫҢ ҚҰДАЙЫ ЕДІ.
ОСЫЛАРДАН ТЫС БАСҚА ХАЛЫҚТАРДЫҢ КӨПТЕГЕН ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРІ БОЛДЫ.
БИЛЕР 3:1-6


ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҚҰДАЙДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН ЖЕТІ ҚАТТЫГЕЗ ҚЫСЫМШЫЛЫҚ КӨРДІ.
БІРАҚ, АДАМДАР ЖЫЛАП, ҚҰДАЙҒА ЖАЛБАРЫНҒАН КЕЗДЕ ҚҰДАЙ ОЛАРҒА ҚҰТҚАРЫЛУ ЖІБЕРЕТІН.
КУШАН-РУШАТАИМ МЕСОПАТАМИЯ ПАТШАСЫ. ИСРАИЛ ХАЛҚЫН СЕГІЗ ЖЫЛ БОЙЫ ҚЫСЫМШЫЛЫҚ КӨРСЕТІП КЕЛДІ.
БҰЛ САРАН ПАТШАДАН ТАМАҚТЫ САҚТАҒАННАН ШАРШАДЫМ.
ОЛ БІЗДІҢ ТАМАҒЫМЫЗ БЕН ӘЙЕЛДЕРІМІЗДІ ТАРТЫП АЛЫП ЖҮР.
ҚҰДАЙДЫҢ ҚАҺАРЫ БІЗГЕ ҚАРСЫ ЛАУЛАП ЖҮР. ӨЙТКЕНІ БІЗ ОНЫ ҰМЫТЫП, ТАСТАП КЕТТІК.
МҰСА АЙТҚАН ЕДІ ҒОЙ, ЕГЕР ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНАТЫН БОЛСАҚ, ОСЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ БАСЫМЫЗҒА КЕЛЕТІН БОЛАДЫ.
ЖЕТЕР ЕНДІ...
ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҚҰДАЙҒА ЖАЛБАРЫНҒАН КЕЗДЕ, ҚҰДАЙ ХАЛЕПТІҢ ІНІСІ ОТНИЕЛДІ ТАҢДАП АЛДЫ. ОЛ ХАЛЕППЕН БІРГЕ УӘДЕ ЕТІЛГЕН ЖЕРДІ ЖАУЛАП АЛДЫ.
ОТНИЕЛДІҢ СОҢЫНАН ЕРЕЙІК-ИЕҺОВА ОНЫМЕН БІРГЕ.
ҚҰДАЙ ПАТШАНЫ ОТНИЕЛДІҢ ҚОЛЫНА ТАПСЫРЫП, СОДАН ИСРАИЛДІҢ ОН ЕКІ РУЛАРЫ 40 ЖЫЛ БОЙЫ ТЫНЫШТЫҚТА ӨМІР СҮРДІ.

БИЛЕР 3:7-11


БҰЛ ЖЕРДЕ БІЗДІ ЕШКІМ ДЕ ТАБА АЛМАЙДЫ.
МЕН АШЕРАДАН БАЛА СҰРАҒЫМ КЕЛІП ОТЫР.
ОНИЕЛ ҚАЙТЫС БОЛҒАНАН КЕЙІН ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҚАЙТАДАН ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНА БАСТАДЫ. ЖӘНЕ ОЛАРҒА БАҒЫШТАП РӘСІМДЕРДІ ЖАСАДЫ.


МОАБТЫҢ ПАТШАСЫ ЕГЛОН УАҚЫТЫНДА ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ҮШІН ТАҒЫ ДА ҚЫСЫМШЫЛЫҚ УАҚЫТЫ БАСТАЛДЫ.


ИСРАИЛДІ ЖЕҢУ ҮШІН АМОЛЕКТІКТЕР МЕН АММОНДЫҚТАР ОЛАРҒА ШАБУЫЛ ЖАСАДЫ.


МЕН БҰНЫ АРЫ ҚАРАЙ ШЫДАЙ АЛМАЙМЫН.
ОЛАР БІЗДІҢ БАРЛЫҚ АСТЫҚТАРЫМЫЗДЫ ТАРТЫП АЛДЫ.
...ЖӘНЕ БІЗДІҢ ҚЫЗ БАЛАЛАРЫМЫЗДЫ.
БІЗ ОЛАРҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІҢ ТЕК ҚҰЛДАРЫМЫЗ. ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ БІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕ КӨРСІҢ.


18 ЖЫЛ ҚҰЛДЫҚТАН КЕЙІН ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖАЛБАРЫНА СИЫНҒАНДА, ОЛ БІР ҚҰТҚАРУШЫНЫ: БУНЯМИНДІК ГЕРА ҰЛЫ ЕХУДТЫ ТАҒАЙЫНДАДЫ. ОЛ СОЛАҚАЙ БОЛАТЫН.

БИЛЕР 3:12-15


БІРДЕ ИСРАИЛДІКТЕР ОНЫ МОАБ ПАТШАСЫ ЕГЛОНҒА АЛЫМ-САЛЫҚТАРЫН ТАБЫСТАУҒА ЖІБЕРЕДІ.
ПАТШАҒА БЫЛАЙ ДЕП АЙТ... ОҒАН АЙТАТЫН ҚҰПИЯ ХАБАРЫМ БАР.
ТАҚСЫР, МЕНІҢ СІЗГЕ АЙТАТЫН ҚҰПИЯ ХАБАРЫМ БАР.
ТЫНЫШТЫҚ БОЛСЫН! БАРЛЫҚТАРЫН ШЫҒЫП КЕТІҢДЕР.
МЕНДЕ СІЗГЕ ЖЕТКІЗЕТІН ҚҰДАЙДЫҢ ХАБАРЫ БАР…
МҮМКІН ОЛ ИСРАИЛДІКТЕРДІҢ МЕНЕН САҚТАҒАН ҚҰПИЯ АЛТЫН ЖАТҚАН ЖЕРІН ТАПҚАН ШЫҒАР...
…ҚҰДАЙДАН.
…САҒАН АРНАЛҒАН.

БИЛЕР 3:15-20


МІНЕ САҒАН АРНАЛҒАН ХАБАР!
ОЛ ӨЗ СЕМСЕРІН ПАТШАНЫҢ ІШІНЕ СҰҒЫП АЛДЫ. ТІПТІ СЕМСЕРДІҢ ТҰТҚАСЫНА ДЕЙІН ПАТШАНЫҢ ІШІНЕ КІРДІ.
ПАТША ІШКІ БӨЛМЕДЕ ДӘРЕТТЕ ОТЫРҒАН ШЫҒАР.
ОЛАР ПАТШАНЫ КҮТІП ЖАТҚАНДА, ЕХУД ҚАШЫП КЕТЕДІ.

БИЛЕР 3:20-26


ИСРАИЛДІКТЕР БҮКІЛ ЖЕР ТҮПКІРЛЕРІНЕН КЕЛІП, ЕХУДТЫҢ СОҢЫНАН ЕРДІ.ОЛАР 10,000 МОАБТЫҚТАРДЫ ӨЛТІРІП, ӨЗДЕРІНЕ ЖЕРЛЕРІН ҚАЙТАРЫП АЛАДЫ.
ИОРДАН ӨТУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ҒАНА ЖОЛЫ- МОАБТЫҚТАРҒА ШАБУЫЛ ЖАСАУ.
ЕХУД ПЕН ИСРИЛДІҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ОЛАРҒА ШАБУЫЛ ЖАСАП ШАМАМЕН ОН МЫҢ МОАБТЫҚТАРДЫ ҚЫРАДЫ.
СӨЙТІП ОЛ ЖЕРДЕ 80 ЖЫЛҒА ТЫНЫШТЫҚ ОРНАЙДЫ.
ЕХУДТЕН КЕЙІН АНАТ ҰЛЫ ШАМҒАР ИСРАИЛДІ ЖАУ ҚОЛЫНАН ҚҰТҚАРАДЫ. БІРДЕ ШАМҒАР БҰҚА АЙДАЙТЫН, ҰШЫ ӨТКІР ІСТІКПЕН АЛТЫ ЖҮЗ ФІЛІСТІРДІҢ КӨЗІН ҚҰРТТЫ.

БИЛЕР 3:27-31


80-ШІ ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДА ИСРАЛДІКТЕР ҚАЙТАДАН ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖЕК КӨРІНІШТІ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАДЫ. ОЛАР ҚАЙТАДАН ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНДЫ.
СОЛ СЕБЕПТІ ЖАРАТҚАН ИЕ ОЛАРДЫ ҚАНАХАННЫҢ ПАТШАСЫ ЯБИННІҢ ҚОЛЫНА БЕРЕ САЛДЫ.
ЯБИН ПАТША ҚАНІШЕР БОЛАТЫН.
ЯБИН ЕЛДІҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ БИЛІК ҚҰРДЫ. ОНЫҢ ҚОЛБАСШЫСЫ СИСАРАНЫҢ 900 ТЕМІР СОҒЫС КҮЙМЕСІ БОЛДЫ.
ОНЫҢ ЖЕҢІЛМЕС ӘСКЕРІ ИСРАИЛДІКТЕРДІ 20 ЖЫЛ БОЙЫ ҚАТТЫ ҚАНАП, ҚЫСЫМШЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ.


СОЛ КЕЗДЕ ДЕБОРА ЕСІМДІ ПАЙҒАМБАР ӘЙЕЛ ИСРАИЛ ХАЛҚЫНА БИЛІК АЙТАТЫН. Б.З.ДЕЙІНГІ 1260 ЖЫЛЫ ДЕБОРА ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ӘДІЛ ШЕШІМ ІЗДЕГЕН ИСРАИЛДІКТЕР ОНЫҢ АЛДЫНА КЕЛІП ЖҮГІНЕТІН.
ОЛАР МЕНІҢ АСТЫҚҚА ТОЛЫ ҚОРАЛАРЫМДЫ ЖАНДЫРЫП ЖІБЕРДІ.
ЖАУЫНГЕРЛЕР МЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚЫЗЫМДЫ ҰРЛАП КЕТТІ.
БІЗ ИЕҺОВАҒА ЖАЛБАРЫНЫП ОТЫРМЫЗ, БІРАҚ ОЛ БІЗДІ ЕСТИМЕЙДІ.
БІЗДІҢ КҮНӘЛАРЫМЫЗ ҚҰДАЙДЫҢ ЖАРЫЛҚАУЫ МЕН ҚОРҒАНЫШЫНАН АЙЫРЫП ТАСТАДЫ.
ЕГЕР БІЗ БАСҚА ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНСАҚ, КӨП ҚИНАЛАТЫНЫМЫЗДЫ ИЕҺОВА АЙТҚАН ЕДІ.
БІЗ КӨП КҮНӘ ЖАСАДЫҚ.
МЕНІҢ КҮЙЕУІМ БАҒАЛ ЖАЛҒАН ҚҰДАЙЛАРЫНЫҢ КӨЗІН ҚҰРТТЫ. ЕНДІ БІЗДІҢ АУЫЛЫМЫЗДА ТЕК ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ТАБЫНАТЫН БОЛАМЫЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨСИЕТІН ОРЫНДАЙМЫЗ.
ОЛАР ҚАЙТАДАН ҚҰДАЙДАН КӨМЕК СҰРАЙ БАСТАДЫ.
МАҒАН БАРАҚТЫ ШАҚЫРЫП АЛЫП КЕЛІҢДЕР.


СЕН ҚҰЛЫҢДЫ БАРАҚТЫ ШАҚЫРЫПСЫҢ.
ҚҰДАЙ МАҒАН БЫЛАЙ ДЕП БҰЙЫРДЫ.
НАФТАЛИМ, ЗАБУЛОН РУЛАРЫНАН 10 000 АДАМДЫ ЖИНАП, СОЛАРМЕН ТАБОР ТАУЫНА ӨРЛЕП БАР.
ҚҰДАЙ СИСАРАНЫ ӨЗІНІҢ СОҒЫС КҮЙМЕЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ҚАЛЫҢ ҚОЛЫМЕН БІРГЕ СЕНІҢ ҚАСЫҢА ҚИШОННЫҢ АҢҒАРЫНА ЕЛІКТІРІП ӘКЕЛІП, ҚОЛЫҢА ТАПСЫРАДЫ.
ЕГЕР СІЗ МЕНІМЕН БІРГЕ БАРАТЫН БОЛСАҢЫЗ, БАРАМЫН, АЛ БАРМАСАҢЫЗ, МЕН ДЕ БАРМАЙМЫН.
ЖАРАЙДЫ.
МЕН СЕНІМЕН БІРГЕ БАРАМЫН. БІРАҚ ОЛ ЖОРЫҚҚА БАРСАҢ ДА, СЕНІҢ ДАҢҚЫН ШЫҚПАЙТЫН БОЛАДЫ. СЕБЕБІ ЖАРАТҚАН ИЕ СИСАРАНЫ БІР ӘЙЕЛДІҢ ҚОЛЫНА ТАПСЫРАДЫ.



БИЛЕР 4:6-9


БАРАҚТЫҢ СОҢЫНАН НЕФТАЛИМ МЕН ЗАБУЛОН
РУЛАРЫНАН ОН МЫҢ САРБАЗ ЕРІП ШЫҚТЫ.
…ДЕБОРА ДА
ОЛАРМЕН БІРГЕ ШЫҚТЫ.

БИЛЕР 4:10


ХЕБЕР МЕН ӘЙЕЛІ ЖАЙЫЛ СОҒЫСТЫ АЛЫСТАН БАҚЫЛАП ТҰРҒАН ЕДІ.
МҰСА ПАЙҒАМБАРДЫҢ БАЛДЫЗЫ ХОБАБТЫҢ БІР ҰРПАҒЫ -КЕНДІК КІСІ БОЛАТЫН.


СОЛ КЕЗДЕ ХЕБЕР ИСРАИЛДІКТЕРМЕН ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛЫП, ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ТҰРАТЫН КӨШПЕНДІ ЕДІ.


СИСАРА МЕН ОНЫҢ ӘСКЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ ТЕМІР КҮЙМЕЛЕРІНЕН ШЫҚТЫ.


АҚЫРЫ, СОҒЫСТА ҚЫРЫЛЫП ЖАТҚАН АДАМДАРДЫ КӨРУГЕ ШЫҚТЫ.


БИЛЕР 4:11


АҚПАРАТТАРҒА СҮЙЕНЕТІН БОЛСАҚ ОЛАР 10 000 АДАМ ЕДІ.
КЕРЕМЕТ- 10 000 АДАМ МЕНІҢ ҚАРАМАҒЫМДА БОЛАДЫ.
ОЛАРДЫҢ ТІПТЕН ТЕМІР КҮЙМЕЛЕРІ ЖОҚ.
ТІПТІ ЖАҚСЫ.
ИСРАИЛДІҢ ӘСКЕРІ ТАБОР ТАУЫНА БАРЫП ТҰРАДЫ.
ІЗРЕЛ АҢҒАРЫ СОҒЫС ҮШІН ЕҢ ЖАҚСЫ ЖЕР.
САПҚА ТҰРЫҢДАР ДА, ҚАННЫҢ ҚАЛАЙ АҒЫП ЖАТҚАНЫН ҚАРАҢДАР.
СИСАРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕМІР КҮЙМЕЛЕРІ СОҒЫСТА ЕШҚАШАН ДА ЖЕҢІЛІП КӨРМЕГЕН.
АТТАН! БҮГІН ЖАРАТҚАН ИЕ СИСАРАНЫ СЕНІҢ ҚОЛЫНА ТАПСЫРАДЫ!ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ АЛДЫҢДА ЖҮРІП ЖАР БОЛМА МА?

БИЛЕР 4:14






ЕНДІ ОСЫ ЖАҢБЫР ЖЕТІСПЕЙ ТҰР ЕДІ- БІЗ ТЕЗІРЕК ҚҰРҒАҚ ЖЕРДІ ТАУЫП АЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.
БІЗДІҢ ТЕМІР КҮЙМЕЛЕРІМІЗ ЫЛҒАЛДЫ ЖЕРДЕ ЖҮРІП ЖАЛҒАСТЫРА АЛМАЙДЫ.
МЫНАНДАЙ БАЛШЫҚТА ҚОЛЫМЫЗДАН ТҮК ТЕ КЕЛМЕЙДІ.
ӘРИНЕ!ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫ ЖАҢБЫРҒА БИЛІК ЕТЕДІ. БІЗ БҰНЫ КӨТЕРЕ АЛМАЙТЫН СИЯҚТЫМЫЗ.
ТАРС
ҚИШОН ӨЗЕНІ ӨЗІМЕН ӨЗІ ТАСЫП ЖАТЫР....
ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫ БІЗБЕН БІРГЕ СОҒЫСЫП ЖАТҚАНЫНА КӨЗІМ ЖЕТТІ....
...БҰЛ ЖЕРДЕН ТЕЗІРЕК КЕТУІМІЗ КЕРЕК. ӘЙТПЕСЕ ҚАҚПАНҒА ТҮСІП, БАРЛЫҒЫМЫЗДЫҢ КӨЗІМІЗ ҚҰРТЫЛАДЫ.

БИЛЕР 4:15-16


УУФФФФФФФ
ӘСКЕРЛЕРМЕН ҚАЛЫП, ОЛАРДЫ КЕРІ ҚАРАЙ ШЕГІНДІР.
МЕН ҚАШЫП ҚҰТЫЛАМЫН, СЕНДЕР АРТҚА ШЕГІНІП БІТКЕННЕН КЕЙІН МЕН СЕНДЕРГЕ ҚОСЫЛАМЫН.


ҚАНАХАНДЫҚТАРДЫҢ ТӘКАППАР ӘСКЕРІ ЖЕҢІЛІП, ЫДЫРАП ҚҰЛАДЫ.
БҰЛ СОҒЫСТЫҢ ЖЕҢІСІНІҢ ДАҢҚЫН БАРАҚ АЛМАЙДЫ.
ТЕЗДЕТІҢДЕР!ОЛАРДЫҢ БІРЕУІН ДЕ ҚАЛДЫРМАЙ СЕМСЕРМЕН ҚУЫП ӨЛТІРІҢДЕР.
ӨТІНЕМІН. МАҒАН КӨМЕКТЕСІҢІЗШІ.



БИЛЕР 4:16-17


СЕН ПАТШАЛЫҚ ӘСКЕРДІҢ ҚОЛБАСШЫСЫ СИСАРАСЫҢ ЕМЕССІЗ БЕ?
ИӘ, БҰЛ МЕН.
СЕНДЕРДІҢ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ПАТШАЛАРЫМЫЗДЫҢ АРАСЫНДА ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕМЕС ПЕ?
ИӘ – СОЛАЙ.
МАҒАН БІР ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАШЫ. ӨЗІҢНІҢ ШАТЫРЫНДА МЕНІ САҚТАП ҚОЙШЫ. ИСРАИЛДІКТЕР ЕШҚАШАНДА ШОПАННЫҢ ҮЙІНЕН МЕНІ ІЗДЕП КЕЛМЕЙДІ.
КЕЛІҢІЗ, ТАҚСЫР, ТӨРЛЕТІП ДЕМ АЛЫҢЫЗ.ЕШ ҚАУІПТЕНБЕҢІЗ.
МАҒАН ІШЕТІН СУ БЕРШІ, ШӨЛДЕП ТҰРМЫН.
БҰЛ БІЗДІҢ ЖАҢАДАН САУЫЛҒАН ҚОЗЫМЫЗДЫҢ СҮТІ. БҰЛ СІЗГЕ КҮШ БЕРЕДІ.
ШАТЫРДЫҢ КІРЕБЕРІСІНДЕ ТҰР. ЕГЕР БІРЕУ КЕЛІП, ІШТЕ КІСІНІҢ БАР-ЖОҒЫН СҰРАСА "ЖОҚ" ДЕП ЖАУАП БЕР.

БИЛЕР 4:17-20


БІРАҚ ЖАИЛ ШАТЫРДЫҢ БІР ҚАЗЫҒЫН ЖӘНЕ БАЛҒАНЫ ҚОЛЫНА АЛДЫ....
...СИСАРАҒА БІЛДІРТПЕЙ ЖАҚЫНДАП БАРДЫ.
ОНЫҢ БАСЫН САМАЙЫНАН ҚАЗЫҚПЕН ҚАҒЫП, ЖЕРГЕ ҚАДАП ТАСТАДЫ. СИСАРА ОСЫЛАЙША ӨЛДІ.



БИЛЕР 4:21


ҚАНАХАНДЫҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫСЫ ҚАШЫП ҚҰРТЫЛА АЛМАЙДЫ. ОЛ ҚАШЫП КЕТПЕЙІНШЕ ОНЫ ҰСТАП АЛУЫМЫЗ КЕРЕК. ОЛ АДАМДАРЫН БӨЛІП АЛЫП, БІЗДІ ЖЕҢГІСІ КЕЛЕДІ.
ОНЫҢ СОҒЫС АЛАҢЫНДА АНАУ ЖАҚҚА ҚАРАЙ ҚАШЫП КЕТКЕНІҢ КӨРДІК. ОЛ АЛЫСҚА ҚАШЫП КЕТПЕС.
КІРІҢІЗ, МЕН СІЗДЕРДІҢ ІЗДЕП ЖҮРГЕН КІСІҢІЗДІ КӨРСЕТЕМІН.
ПАЙҒАМБАР ӘЙЕЛДІҢ АТҚАН СӨЗДЕРІ ОРЫНДАЛДЫ. ХЕБЕРДІҢ ӘЙЕЛІ ЖАИЛ, ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫ СИСАРАНЫ ӨЛТІРДІ.
…ЖЕҢІСТІҢ ДАҢҚЫ СОЛ ӘЙЕЛГЕ БАҒЫШТАЛДЫ.
ОСЫЛАЙ ҚҰДАЙ СОЛ КҮНІ ЯБИНДІ ИСРАИЛДІКТЕРГЕ БОЙ ҰСЫНДЫРДЫ.
КҮН ӨТКЕН САЙЫН АРТА ТҮСКЕН ОЛАРДЫҢ КҮШІ ҚАНАХАННЫҢ ОСЫ ПАТШАСЫН ТЫҚСЫРЫП, АҚЫР СОҢЫНДА ОНЫҢ ДА КӨЗІН ҚҰРТТЫ.

БИЛЕР 4:22-24


СОЛ КҮНІ ОЛАР ДЕБОРАНЫҢ ӘНІҢ ШЫРҚАДЫ.
БАСШЫЛАР БАСТАП ШЫҚТЫ ИСРАИЛДІ, ХАЛЫҚ ӨЗ ЕРКІМЕН БАҒЫШТАЛЫП ЕРДІ. МАҚТАҢДАР, СОДАН ЖАРАТҚАН ИЕМІЗДІ!
ЕЙ, ПАТШАЛАР, ҚҰЛАҚ САЛЫҢЫЗДАРШЫ! ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖЫРЫМДЫ АРНАЙМЫН, ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫНА ӘНІМДІ ШЫРҚАЙМЫН!
ЖЕР СІЛКІНІП, БҰЛТТАН ЖАҢБЫР ҚҰЙДЫ СОНДА, ТАУЛАР ДІРІЛДЕДІ ИЕМІЗДІҢ АЛДЫНДА.
БОС ҚАЛДЫ ИСРАИЛДІҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ, ИСРАИЛДІК АНА-МЕН ДЕБОРА, КЕЛГЕНШЕ.
ХАЛЫҚ ЖАҢА ТӘҢІРЛЕР АЛДЫ ТАҢДАП, СОДАН ҚАҚПАЛАРҒА СОҒЫС КЕЛДІ ТАЯП.
ҚАНАХАН ПАТШАЛАРЫ ТАҒАНАХТА, МЕГИДО БҰЛАҚТАРЫНЫҢ БОЙЫНДА. ШАЙҚАСҚАНМЕН ОЛАР ЕШҚАНДАЙ ОЛЖА,НЕ КҮМІСТІ ТҮСІРЕ АЛМАДЫ ҚОЛДАРЫНА.
АСПАН ӘЛЕМІНЕН ЖҰЛДЫЗДАР СОНДА, ЖҮРГЕН ЖОЛДАРЫНАН СОҒЫСЫП, ОЛАР ДА ШАБУЫЛ ЖАСАДЫ. ЖАУЛАРДЫ ШАЙЫП АҒЫЗЫП ҚИШОН ЖЫЛҒАСЫ.
УА, ЖАРАТҚАН. БАР ЖАУЫҢ ТАЛҚАНДАНСЫҢ!
АЛ СЕНІ СҮЙГЕНДЕР АТҚАН КҮНДЕЙ НҰРЛАНСЫҢ!
СОДАН КЕЙІН 40 ЖЫЛ БОЙЫ ТЫНЫШТЫҚ ОРНАДЫ.

"THE BIBLE EXPLAINED IN EVERY LANGUAGE."








**SUPERBIBLE.TV**